



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Қыркүйек **2022**

2022 жылғы қыркүйектегі айлық инфляция 1,8% деңгейінде қалыптасты, жылдық мәнде инфляция 17,7% - ға дейін жеделдеді. Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларының кең көлемі бойынша бағаның жедел өсімі (жылдық мәнде) орын алды. Ақылы қызметтер бойынша көпқабатты үйлерді жалдау және білім беру бағаларының өсуі айтарлықтай жеделдеді.

2022 жылдың қыркүйегінде айлық инфляция 1,8%-ды құрады. Осының аясында жылдық инфляция 17,7%-ға (2022 жылғы тамызда – 16,1%) дейін үдей түсті.

Бағалаулар бойынша, ай сайынғы маусымдық тазартылған инфляция 2% құрады. Бұл ретте оның мәні биылғы мамыр айынан бастап маусымдық түзетусіз жалпы инфляциядан асып түседі, бұл бірінші кезекте жеміс-көкөніс өнімдеріне бағаның маусымдық төмендеуімен байланысты.


График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық тазартылған базалық инфляция¹ өсу қарқынын жалғастырды, бұл экономикадағы проинфляциялық жағдайдың сақталып отырғанын көрсетеді.

График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

¹ Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.

2022 жылғы қыркүйекте **азық-түлік** тауарлары бағасының өсуі жылдық мәнде 22,2% - ға дейін жеделдеді (2022 жылғы тамызда - 20,8%). Қатарынан он бір ай бойы нан өнімдері мен жарма бағасының өсу қарқыны жалғасуда. Ет және сүт өнімдерінің, жұмыртқаның қымбаттауы, маусымдық факторлармен ғана емес, өндіріс шығындарының ұлғаюымен де байланысты. Бұл ретте құмшекердің бағасы соңғы екі жылда алғаш рет төмендегенін, соның салдарынан жыл сайынғы баға өсімі бәсеңдегенін айта кеткен жөн. Сондай-ақ, жаңа піскен жемістер мен көкөністер бағасының маусымдық төмендеуі экономикадағы инфляциялық процестерге тежеуші әсер етіп келді.


График 3. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


Азық-түлік емес тауарлардың инфляциясы 2022 жылғы қыркүйекте 17,0% - ға дейін жеделдеді (2022 жылғы тамызда - 15,5%). Қатты отын бағасының маусымдық өсуі байқалды. Импорттық құрамдас бөлігі жоғары тауарлар санаттарына, оның ішінде киім мен аяқ киімге, жеке тұтыну тауарларына, жиһаздар мен тұрмыстық заттарға, тұрмыстық техникаға, дәрі-дәрмектерге баға өсуде. Сонымен қатар, автокөліктердің бағасы біршама төмендеді.

График 4. Тауарлардың жылдық азық-түлік емес инфляцияға үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Қыркүйек айында **ақылы қызметтердің** инфляциясы 12,3% - ға дейін өсті (2022 жылдың тамызында – 10,1%). Жаңа оқу жылының басталуы жағдайында білім беру қызметінің барлық түрлерінің бағасы өсті. Осы жылдың қыркүйек айында сұраныстың артуы мен нарықтағы белгісіздік аясында жайлы тұрғын үйді жалға алу құны күрт өсті. Мәдениет және ойын-сауық саласындағы қызметтер бағасының өсу қарқыны байқалды. Коммуналдық реттелетін қызметтердің ішінде кейбір аймақтарда кәріз, суық су және электрэнергиясы тарифтері өсті.




Өңдеу өнеркәсібіндегі бағаның өсу қарқыны өткен айдың деңгейінде қалды және өсімдік шаруашылығы өнімдерін жинау аясында ауыл шаруашылығында баяулады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының жылдық өсімі 2022 жылғы қыркүйекте 13,6% деңгейінде қалды. Азық-түлік тауарларының ішінде нан және макарон өнімдерін, ет және сүт өнімдерін өндірушілердің бағасының өсуі жеделдеді. Бұл ретте, майлар мен тоң майларға, ұн мен жарма өнімдеріне өндіруші бағаларының анағұрлым аз өсімі байқалды.

2022 жылғы қыркүйекте ауыл шаруашылығында өндірушілер бағасының өсу қарқыны егін жинау аясында жылдық мәнде 20,5%-ды (2022 жылғы тамызда – 21,7%-ға) құрап, баяулап қалды. Өсімдік шаруашылығында бидай, майлы дақылдар және мал азықтық дақылдар бағасының өсуі бәсеңдеді. Мал шаруашылығында жұмыртқа мен шикі сиыр сүтінің қымбаттауы айтарлықтай жеделдеді.

График 6. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 7. Өнеркәсіптегі бағалар

